

**Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына баруды тіркеу үшін Web қосымшасын пайдалану
бойынша нұсқаулық**


Мазмұны:

1. Жеке кабинетте еріп жүрушілерді қосу.....	2
2. « tabel.aktola.kz/ » Web қосымшасын пайдалану. Тіркелу және белгіні растау	6
3. Баланың деректерін өңдеу	13
4. Ата-ананың деректерін өңдеу.....	14
5. Құпия сөзді өзгерту	15
6. Аккаунтты өшіру	16
7. Аккаунтты қалпына келтіру.....	17

1. Жеке кабинетте еріп жүрушілерді қосу


Web қосымшада баланың келгенін белгілеу үшін өтініш беруші ата-анасының/қамқоршысының жеке кабинетінде «Еріп жүрушілер» ретінде қосылуы тиіс. Ол үшін:

1. <https://akmola.kz/> жүйесінің басты бетіне өтіп, «Жүйеге кіру» батырмасын басыңыз (1-сурет).




1-сурет. «Жүйеге кіру» таңдау

2. Келесі қадам - ЭЦҚ кілтін жүктеу, «Сақтау түрі»→«Дербес компьютерді» таңдаңыз, содан кейін «Сақтау орны» ЭЦҚ-ға дейінгі жолды көрсетіңіз, содан кейін парольді енгізіп, «Ашу» батырмасын басыңыз. (2-сурет). Кілтті таңдап (3-сурет) және «Қол қою» батырмасын басыңыз.




2-сурет. Құпия сөзді енгізу




3-сурет. Кілтті таңдаңыз

3. Авторизациядан кейін негізгі мәзірде «Еріп жүрушілер» бөлімін таңдау керек (4-сурет)



4-сурет. Негізгі мәзір

4. Әрі қарай, өтініш берген ата-ана/қамқоршының деректері автоматты түрде көрсетіледі, басқа еріп жүрушілерді еріп жүруші ретінде (қажет болған жағдайда) қосуыңыз керек. Қосуға болатын еріп жүрушілердің ең көп саны – 5 (5-сурет).



5-сурет. Еріп жүрушілерді қосу

5. Барлық өрістерді дұрыс толтырып «Сақтау» батырмасын басу қажет (6-сурет).

Ілеспе адамды қосу



ЖСН: *

Телефон: *

Балалардың тізімі (МДҰ баратын): *

Сақтау

Бас тарту

6-сурет. Еріп жүрушілерді қосу



Назар аударуды сұраймыз!

- ✓ **Еріп жүрушінің деректері өтініш берушінің жеке кабинетіндегі деректерге сәйкес келуі тиіс. Көрсетілген телефон нөміріне хабарлау сипатындағы хабарламалар жіберілетін болады.**



- ✓ **Еріп жүрушілерді мектепке дейінгі балалар ұйымына тікелей жолдама алған ата-ана қоса алады. Сондай-ақ, мектепке дейінгі балалар ұйымының баланы жолдамасымен қабылдауы алғышарт болып табылады!**



- ✓ **Егер ата-ана бір балаға еріп жүруші ретінде қосылса, өзіңізді/басқа еріп жүрушілерді басқа балаға қосу үшін еріп жүрушінің атының жанындағы қарындашты басып, балалар тізіміне құсбелгі қойып, сақтау қажет.**



- ✓ **Ескертеміз! Деректерді синхрондау 15 минутты алады. Еріп жүрушілерді қосқаннан кейін баланы Web қосымшасы арқылы белгілеу мүмкіндігі 15 минуттан кейін қол жетімді.**




✓ **Ескертеміз:**

- **16 (он алты) жасқа дейінгі балаларды еріп жүруші ретінде қосу мүмкіндігі жоқ;**
- **балабақша қызметкерлерін еріп жүруші ретінде қосу мүмкіндігі жоқ(меңгеруші/тәрбиеші және т. б.); ерекшелік, егер қызметкер баланың кезегіне өтініш берген баланың ата-анасы/қамқоршысы болса;**
- **бір еріп жүрушіге (бұрын қосылған) 5-тен астам баланы қосу мүмкіндігі жоқ.**

2. «tabel.akmola.kz/» Web қосымшасын пайдалану. Тіркелу және белгіні растау

1. Мобильді құрылғыңызда akmola.kz сайтына кіріп, «Бала келуін белгілеу» батырмасын басыңыз (1-сурет).



1-сурет.«iOS-та орнату»

2. Кейін, тілді таңдау үшін бірінші бет ашылады (2-сурет).

3. Әрі қарай, қажетті тілді таңдап, «Жалғастыру» батырмасын басу қажет (3-сурет).



Қош келдіңіз!

Қосымшаға кірер алдында дұрыс тілді таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.

Тілді таңдаңыз
Казахский



Жалғастыру

2-сурет. Тілді таңдау



Русский

Казахский

Таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.

Тілді таңдаңыз
Казахский




Жалғастыру

3-сурет. Тілді таңдау және жалғастыру

4. «Сәлемдесудің» бірінші беті және қосымша туралы ақпарат көрсетіледі, әрі қарай қарау үшін «Әрі қарай» батырмасын басыңыз (4-сурет).

5. Сондай-ақ, геолокацияға қол жеткізу туралы ақпарат шығады, «Кіру» батырмасын басу керек (5-сурет).



4-сурет. Қош келдіңіз!



5-сурет. Геолокацияға қолжетімділік

6. «Жүйеге кіру» беті көрсетіледі, профильге кіресіз немесе «Тіркеліңіз!» батырмасы арқылы жүйеде тіркелесіз (6-сурет).

7. Тіркелу үшін келесі деректерді толтырасыз (Дұрыс деректерді көрсетуді сұраймыз):

- ✓ Жетектеушінің ЖСН-і;
- ✓ Ұялы телефон нөмірі;
- ✓ Аймақ;

✓ Құпия сөзді енгізу: *Құпия сөз кем дегенде 8 таңбадан тұруы керек. Құпия сөз таңбаларының ішінде бас және кіші әріптер болуы, сонымен қатар сандарды және/немесе арнайы таңбаларды(%, \$, @, &, *, # и т.п.) пайдалану ұсынылады.*

✓ «Жеке деректерді жинауға, өңдеуге келісемін» құсбелгісін қойып, «Тіркелу» батырмасын басыңыз (7-сурет).

Жүйеге кіру

Профильге кіріңіз немесе тіркеліңіз:



Логинді енгізіңіз (ЖСН)



Құпия сөзді енгізіңіз

[Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?](#)

Кіру

Аккаунттыңыз жоқ па? **Тіркеліңіз!**

[Аккаунтты қалпына келтіру](#)

6-сурет. Жүйеге кіру



Жүйеде тіркелу

Жетектеушінің ЖСН-і

Ұялы телефон нөмірі

Аймақ



Құпия сөзді енгізіңіз



Құпия сөзді қайта енгізіңіз



Жеке деректерді жинауға, өңдеуге келісемін


Тіркелу

7-сурет. Жүйеде тіркелу


8. Сәтті тіркеуден кейін балаңызды қосатын басты бет көрсетіледі. «+(Баланы қосу)» батырмасын басасыз (8-сурет), келесі деректерді толтырып, тіркейсіз (Дұрыс деректерді көрсетуді сұраймыз)(9-сурет):

- ✓ Баланың ЖСН-і;
- ✓ Баланың лақап аты;
- ✓ Сіздің баламен туыстық қарым-қатынасыңыз;
- ✓ Аймақ;
- ✓ Балабақша.

(Егер сізде бірнеше бала болса, «+» батырмасын басу арқылы келесі баланы қосасыз (9-сурет)).




8-сурет. Баланы қосу




9-сурет. Баланы тіркеу

9. «Сіздің балаларыңыз» бөлімінде «Сіздің балаларыңыздың тізімі» көрсетілген. Балаңызға басу арқылы әр баланы бөлек белгілеу керек (10-сурет). Егер сіздің балаңыз қосылғаннан кейін тізімде көрсетілмесе, онда жаңарту  батырмасын басу қажет.
10. Белгі қою үшін «Бала келуін белгілеу» батырмасын басыңыз (11-сурет).




10-сурет. Сіздің балаларыңыздың тізімі




11-сурет. Келуді растау

11. Қосымшаға «Рұқсат беру» таңдау арқылы құрылғының орналасқан жері туралы деректерге қол жеткізуге рұқсат етіңіз (12-сурет).

12. Белгі расталғаннан кейін «Сәтті қабылданды» хабарламасы көрсетіледі. Әрі қарай, басты бетке оралу үшін «Дайын» батырмасын басыңыз (13-сурет).



12-сурет. Геолокацияға қолжетімділік




13-сурет. Сәтті қабылданды

3. Баланың деректерін өңдеу


Деректер дұрыс болмаған жағдайда өңдеу мүмкіндігі бар. Ол үшін балаларыңыздың тізімінде өз балаңызды таңдап, «Өңдеу» батырмасын басыңыз (1-сурет):

- ✓ Баланың ЖСН-і;
- ✓ Баланың лақап аты;
- ✓ Сіздің баламен туыстық қарым-қатынасыңыз;
- ✓ Аймақ;
- ✓ Балабақша.

Кейін «Өзгерістерді сақтау» батырмасын басу арқылы деректерді сақтаңыз (2-сурет).



1-сурет. Баланың деректерін өңдеу



2-сурет. Өзгерістерді сақтау

4. Ата-ананың деректерін өңдеу

Егер сіз ұялы телефонды дұрыс енгізбесеңіз, «Профиль» бөліміне өтіп, «Өңдеу» батырмасын басыңыз. «Ұялы телефон нөмірі» өрісін басып, дұрыс ұялы телефонды көрсетіңіз. Кейін «Өзгерістерді сақтау» батырмасын басу арқылы деректерді сақтаңыз (1-2-суреттер).

Сіздің профиліңіз



Телефон +7 (708) ЖСН

Өзгерту

Құпия сөзді өзгерту

Қолданба тілі Қазақша

Аккаунтты өшіру

Сіздің балаларыңыз

Профиль

1-сурет. Ата-ананың деректерін өңдеу



Профильді өзгерту

Жетектеушінің ЖСН-і

Ұялы телефон нөмірі +7 (708)


Аймақ Көкшетау қаласы

Өзгерістерді сақтау


2-сурет. Сәтті сақталды

5. Құпия сөзді өзгерту

Құпия сөзді өзгерту үшін «Профильге» өтіп, «Құпия сөзді өзгерту» батырмасын басу керек (1-сурет). Әрі қарай, жаңа құпия сөзді енгізіп, құпия сөзді қайталаңыз және сақтаңыз (2-сурет).




1-сурет. Құпия сөзді өзгерту




2-сурет. Құпия сөзді енгізу

6. Аккаунтты өшіру

Егер аккаунт қолданылмаса, оны өшіруге болады. Ол үшін «Профильге» өтіп, «Аккаунтты өшіру» батырмасын басу керек (1-сурет). Әрі қарай, «Иә» батырмасын басып аккаунтты жоюды растаңыз (2-сурет).



1-сурет. Аккаунтты өшіру



2-сурет. Аккаунтты өшіруді растау

7. Аккаунтты қалпына келтіру

Есептік жазбаны қалпына келтіру үшін авторизация бетіне өтіп, «Аккаунтты қалпына келтіру» батырмасын басыңыз (1-сурет).

Әрі қарай, деректерді толтырыңыз: ЖСН және құпия сөзді енгізіңіз (2-сурет).

Егер сіз парольді ұмытып қалсаңыз, есептік жазбаны басқа жолмен қалпына келтіруге болады. Ол үшін «Басқа жолмен» батырмасын басыңыз (3-сурет). ЖСН мен ұялы телефон нөмірін теріңіз (тіркелу кезінде енгізілген нөмірді көрсетіп, «Жалғастыру» батырмасын басыңыз. Құпия сөзді қалпына келтіру үшін бір реттік кодты енгізу қажет (4-сурет).

Жүйеге кіру

Профильге кіріңіз немесе тіркеліңіз:

 Логинді енгізіңіз (ЖСН)

 Құпия сөзді енгізіңіз

Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?

Кіру

Аккаунттыңыз жоқ па? [Тіркеліңіз!](#)

[Аккаунтты қалпына келтіру](#)



Аккаунтты қалпына келтіру

ЖСН енгізіңіз

Құпия сөзді енгізіңіз

[Басқа жолмен](#)

Қалпына келтіру

1-сурет. Аккуантты қалпына келтіру

2-сурет. Аккаунтты қалпына келтіру

← Аккаунтты қалпына келтіру

ЖСН енгізіңіз

Ұялы телефон нөмірі

Біз SMS-кодты жібереміз

Жалғастыру

← Аккаунтты қалпына келтіру

(708) [] телефон нөміріне растау SMS-коды жіберілді:

SMS-кодты енгізіңіз:

[] [] [] []

[Кодты қайта жіберу](#)

Жалғастыру

3-сурет. Аккаунтты қалпына келтіру

4-сурет. Бір реттік код

Бір реттік кодты енгізгеннен кейін парольді енгізіп, парольді енгізуді қайталап, сақтау керек (5-сурет).

Әрі қарай, «Аккаунт сәтті қалпына келтірілді» хабарламасы көрсетіледі (6-сурет).

← Аккаунтты қалпына келтіру

КН Құпия сөзді енгізіңіз

КН Құпия сөзді қайта енгізіңіз

Сақтау

5-сурет. Құпия сөзді енгізу

Сәлеметсіз бе, 🐾



✓ Белсенді

Балам

Көкшетау қаласы

""Мадина" білім беру ұйымы" ЖМ
бөбекжайы-бақшасы

Аккаунт сәтті қалпына келтірілді



Сіздің
балаларыңыз



Профиль

6-сурет. Аккаунт сәтті қалпына келтірілді